

А.Ш. Пангереев, М.Р. Балтымова

Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті, Қазақстан  
(E-mail: pan.abat@mail.ru)

## Балалар фольклоры дәстүрлі мәдениеттің ерекше саласы ретінде

Мақалада фольклордың қалыптасуы, қазақ халқының ән-күй өнерінің дамуына әсері мен олардың ерекшеліктері, қазақ халқының рухани байлығы мен құндылықтарды сақтаудағы алатын орны туралы мәселелер қамтылған. Қазақ ауыз әдебиетіне жүргізілген ғылыми зерттеулерге шолу жасалып, болашақ ұрпаққа қалған рухани мұра ретінде фольклор үлгілерінің жинақталуы, халыққа таралу жолдары, оған дәлел болған көне түркі жазбаларындағы мифтік сюжеттер талданған. Жүргізілген зерттеулер негізінде қазақ халқының рухани құндылықтарын ұлттық әдебиет пен мәдениет арқылы қалыптастырудың жолдары, оны жүзеге асыруда жас ұрпақты балалар әдебиетінің үлгілерімен таныстыру, фольклор үлгілерін игерту, дәстүрлі мәдениетімізді сақтаудың құралы ретіндегі маңыздылығы айқындалған. Жас ұрпақты мәдениетті, өркениетті елдің азаматы ретінде тәрбиелеудегі балалар фольклорының айрықша орны туралы баяндалған. Қазақ халқының тұрмыс-салты мен ата-баба дәстүрінен сыр шертетін, өткен өмір көрінісімен бірге тығыз дамып келе жатқан дәстүрлі мәдениетті қалыптастырудағы фольклор жанрының жүздеген жылдар бойы дамып, өркендеп келе жатқан үлкен ғылым екендігі көрсетілген.

*Кілт сөздер:* фольклор, балалар фольклоры, дәстүрлі мәдениет, рухани мұра, фольклорлық шығармалар, ұлттық мәдениет, құндылық, рухани мұра, фольклор жанры.

Қазақ фольклорын өзінің даму тарихынан бастап зерттесек, ол рухани азық беретін бай мұра. Фольклорды оқу арқылы адам санасын дамыту, байыту жұмыстарын жүргіземіз. «Қазақ фольклоры — жанр жағынан да, түр жағынан да бай мұра. Оның ғасырлар бойғы тарихы бар. Ол сонау алғашқы қауымның ыдырау кезеңінде туып, күні бүгінге дейін өмір сүріп келді. Көне заманнан бері ол жай ғана өмір сүрмей, әрбір қоғамдық құрылыста өмір шындығына сәйкестеніп, өзгеріп отырды.

Кейбір жанрлар өмірден біржола жоғалып, оның орнына жаңа жанрлар пайда болды» [1; 36, 37]. Қазақ фольклоры мен қазақ әдебиетінің арасын ажыратып алуда тек қана фольклорлық мұра жайындағы зерттеулерге сүйенсек, атап айтқанда Халел Досмұхамедовтың «Қазақ халық әдебиеті» атты еңбегінде (1928 жыл) фольклор мен әдебиеттің даму тарихы әдебиеттану ғылымының өз алдына жеке салалары болып қалыптасқандығын айта аламыз. Әдебиет пен фольклор бір-бірінен ажыратылып, айырмашылықтары анықталса да, кейбір туындыларды қайсысына жатқызатындығы беймәлім болған кездерді де айтпай кетпейміз. Өйткені, авторы белгісіз, ел аузына ауыздан шығып, тараған әдеби үлгілерді фольклорға жатқызып, өлеңдерді, жырларды әдебиетке жатқызды. Соның бірі, 1960 жылдары «Қазақ әдебиетінің тарихы» атты үш томдық жинақта XVIII ғасырдағы Бұқардан бастап жырланған ауыз әдебиетінің үлгілері қазақ әдебиетінің даму тарихын анықтауға түрткі болды. Әдебиет тарихының дамуы қай кезден басталады десек, Б. Кенжебаевтың зерттеулерінен қазақ әдебиетінің даму тарихы қазақ хандығы құрылған XI ғасырдан басталады деген пікірлермен кездесеміз. Фольклордың дамуы да әдебиетпен қатар дамығандығына болжам жасасак, фольклор тарихын зерттеуде әдебиеттің даму тарихына тоқталмай кете алмаймыз. Мысалы, Орта Азия мен Қазақстанға ортақ мұра боп қалған көне таңба үлгілеріндегі жазулар, еуропалық және қазақ зерттеушілерінің еңбектерінде берілген VIII ғасырдағы Орхон Енисей, Талас жазбалары, оған дейінгі грек тарихшысы Геродоттың еңбектерінде берілетін біздің жыл санауымызға дейінгі үш мың жыл бұрын өмір сүрген сақтардың қаһармандық өмірінен сыр беретін зерттеулерді айтуымызға болады. Кейбір деректерде [2] қазақ әдебиетінің даму тарихы қытай деректеріндегі сақ, ғұн, үйсін, қаңлы дәуірлерінен басталатынын кездестіреміз. Осы айтылған пікірлердің қаншалықты дұрыстығы мен нақтылығына көз жеткізу үшін қазақ хандығының құрылуы, жеке ұлт ретіндегі қалыптасу, мемлекет болып қалыптасу кезеңдеріне тоқталып, салыстырып, ғылыми-әдіснамалық тұрғыда тереңірек ашудың қажеттілігі туындайтыны сөзсіз.

Фольклордың қалыптасуы қазақтың ән-күй өнеріндегі ерекшеліктермен де түсіндірілетіні белгілі. «Әжептәуір жаңғырған қоғамның өзінің тамыры тарихының тереңінен бастау алатын рухани коды болады. Жаңа тұрпатты жаңғырудың ең басты шарты — сол ұлттық кодынды сақтай білу» [3],

— деп Елбасы Н.Назарбаев айтқандай, ұлттық кодты сақтаудың бірден-бір жолы — ұлттық әдебиет пен мәдениеттен қол үзбеу. Ал жер бетінде қазаққа ғана бұйырған күй жанры — ұлттық кодтың төресі, оның тарихын зерттеп қана қоймай, беймәлім тұстарын, зерттелінбеген тұлғаларды, алуан түрлі күйлерді зерттеу нысанына алып, ғылыми айналымға енгізу — рухани жаңғырудың басты міндеттерінің қатарынан табылатыны сөзсіз. Қазақ халқының тұрмыс-салтымен, өмір-тіршілігімен әрқашанда тығыз байланыста болатын күй — жүздеген жылдардан бері қанат жайып, өркендеп келе жатқан жанр.

Қазақ музыкасын біртұтас мәдени рухани құбылыс ретінде шарықтауға мүмкіндіктің болмауы — зерттеу жүйесінің шашыраңқылығына себепші болып, қазақтың дәстүрлі музыкасы бірде тарихтың, келесіде мәдениеттанудың, енді бірде фольклортанудың аясында қарастырған уақытты да бастан кешірдік. Тәуелсіздіктің ақ таңы атқанда осындай олқылықтардың орнын толтырудың мүмкіндігі туды.

Фольклор — ағылшын тілінен аударғанда халық шығармасы, халық аузынан тараған көркем шығарма, халық даналығы деген мағынаны білдіреді. Фольклор әлем халықтарының барлығында бар. Ауыз әдебиетінің ертеден келе жатқан асыл мұра екендігі қай халықтың болмасын өз алдына ұлт екендігін, ұлттық санасын көрсетеді. Осы ретте орыс жазушысы, әдебиетші, сыншы Б.Г. Белинский өзінің зерттеулерінде ауыз әдебиеті мен жазба әдебиетінің айырмашылығын көрсетіп, ауыз әдебиетінің өте ертеден келе жатқан халықтың ой-санасының жемісі екендігін көрсетеді. Бұл түсініктің нақтылығы мен шынайылығына тоқталатын болсақ, әлемнің жаратылуы мен күйреуі туралы мифтік ұғымдарға тоқталуымызға болады. «Әлемдік мифологияның басты тақырыбы — дүниенің жаратылуы мен күйреуі, басты кейіпкері жасампаз қаһарман мен құдайлар, адамдар екен де, басты сипаты — біркелкілігі болып шықты. Қазақ мифологиясы да осы тектес. Мұнда да әлемнің жаратылуы мен күйреуі баяндалады, жасампаз қаһармандар да, адамдар да құдай да әрекет жасап жатады. Алайда, бұдан әлемдік мифология барлық халықта, барлық уақытта бірдей болған, еш өзгеріске түспеген деген тұжырым тумады. Керісінше, ол әр дәуірдің рухына сәйкес, әр халықтың өмір салты мен тұрмыс-тіршілігімен байланысты туып, қоғамның әр кезеңіне қатысты өзгеріп отырған. Сол себепті әлемдік мифологияны тарихи-стихиялық, әрі салыстырмалы-типологиялық әдіспен зерттеу нәтижелі болмақ» [1; 299–300].

А.Н. Афанасьев зерттеулерінде ауыз әдебиетінің үлгілері дінге, діни ұғымдар мен әртүрлі мифтерге байланысты туылған деген пікірлерді кездестіруге болады. Бірақ, мифтерге байланысты ауыз әдебиетінің үлгілері пайда болуы мүмкін деген ұғымдардың шынайылығы жоқ. Өйткені, идеалистік көзқарасқа негізделген мифологиялық теориялар мен ой-пікірлер ауыз әдебиеті үлгілерінің шығу тарихын ғылыми тұрғыда айқындай алмады. Бірте-бірте түрлі халықтардың ауыз әдебиетінің пайда болу тарихын адамдардың бір-бірімен қарым-қатынасы нәтижесінде, сауда жолдарымен пайда болғандығы туралы зерттеулерді орыс жазушысы Потанин, В.В. Веселовскийдің еңбектерінен байқауымызға болады. Фольклордың даму тарихын зерттеуде әдебиеттің даму тарихындағы хронологиялық даму, әдебиеттің өзіндік даму жолы деп көрсетілетін халық тарихының көркем бейнелі шежіресіне де зер салуымыз қажет. Өйткені, халық бар жерде тарих бар, қандай да бір дәуірдің, сол дәуірдегі болған оқиғаның көркем бейнесін, кейпін танытатын әдебиет екендігі белгілі. Басқа да елдердегі чуваш, орыстардағы әдебиеттің дамуы хронологиялық жүйе бойынша дамыған. Қазақ әдебиетінің тарихын зерттеуде ұлттық әдебиеттің ғасырлар бойы жинақтаған көшпелі тайпалар әдебиеті, ежелгі түрік әдебиеті, XIX ғасыр әдебиет, XX ғасырдың басындағы әдебиет, кеңес дәуіріндегі әдебиет болып хронологиялық жүйемен даму жолын көрсетуге болады. Мұнда әр дамудың қай кезеңінде болмасын шығарманың өмірге келуіне себеп болған алғы шарттар немесе жағдайлар, сол дәуірдегі әлеуметтік қақтығыстар мен құбылыстар басты назарға алынады. Сол сияқты қазақ фольклорының дамуы шығарманың жанрлық жағынан көркемделуі, жетілуі, көркемдік тұрғыдан өсуі, дамуы, қалыптасуы деп қарастыра аламыз. Фольклордың даму тарихын зерттеушілердің хронологиялық ұстанымдары бойынша типологиялық тұрғыда хронологиялық, көркемдік даму түрлеріне қарай әлеуметтік-мәдени өмірдің дамуы, ғылымның дамуындағы ізденістер басшылыққа алынған.

Қазақ ауыз әдебиетіне жүргізіле басталған күрделі зерттеулердің бастау алатын кезеңі XIX ғасырда рухани мұра ретінде ұрпағымызға қалған фольклор үлгілерін жинақтау жұмысы орындалып, халыққа таратылып отырған. Сол кездегі жинақталған материалдар қазіргі уақытта қазақ фольклорының ғылыми негізін жасауға арқау болған. Негізінен қазақ фольклорының дамуы мен қалыптасуының бастауы, тарихы ерте заманнан бастап ауыз әдебиетінің үлгілерін жинаудан, оларды

таратудан басталған. Оған дәлел, көне түркі жазбаларына мифтік сюжеттер, суреттер түрінде беріліп отырған. Оның дәлелі ретінде Күлтегін, Білге қаған, Тоныкөк ескерткіштеріндегі жазбаларының қазақ халық поэзиясына тән поэтикалық өрнектерді түркі халықтарының мәдениетінен ғана емес бүкіл дүние жүзіне танымал тарихи ескерткіштердегі жазбалардан көруімізге болады. Атап айтсақ, өсиет өлеңдер мен толғауларда қазақтардың адамшылық пен ізгілік туралы барша таным-түсінігі алақанға салғандай анық көрініс тапқан. Ол замандағы халықтың арман мұраты, жақсылыққа ұмтылуы, бүкіл адамдық кредоны сақтай білуге тәрбиелеуі жатыр. Мұндай шығармалар өнеге боларлық, ғибраттылық, тағылым аларлық, дидактикалық мәнімен, ойды көріктеп, нәрлі, бейнелі сөздермен жеткізетін образдықпен, тартымдылығымен құнды болған. Сондықтан да олардың көпшілігі халық жадында сақталып, хатқа түспегендерінің өзі өсиет ретінде атадан балаға мирас болып жетіп отырған. Ұлы даланың ұлы ойшылдары, ұлт рухын ту еткен жауынгер батырлары, ақын жыраулары сол дәуірдің ақиқат шындығын ұрпақ жадында қалдырып, игі істерді дәріштеп, үлгі-өнеге болатын сөз айтуды мақсұт еткен. Көне түркі дәуірінде Күлтегін, Білге қаған, Тоныкөк бабаларымыз өз сөздерін тасқа қашап жазып, келер ұрпаққа өсиеттеген. Ержүрек қолбасы Күлтегіннің, білікті мемлекет қайраткері Тоныкөктің құлпытасына қашалып жазылған сөздер жай ғана тарихи мұра емес, олардың келер ұрпаққа арнаған өсиеті, ғибратты сөздері. Таста жазылғандай:

Сөзімді түгел естіңдер,  
 Кейінгі іні-жиенім, оғланым,  
 Бергі тайпам, халқым (КТМ).  
 Немесе:  
 Түркі бектері мен халқы,  
 Бұны есігіндер.  
 Қандай сөзім бар болса,  
 Мәңгі тасқа жаздым (КТМ).

Қырық жолдан тұратын Күлтегіннің үлкен жазуында Түрік қағанатының өткен өмірі, тарихы туралы мол материал бар. Қаған түркі тайпаларының басын біріктіріп, дүниенің төрт бұрышына бейбітшілік орнатуға бар күш-жігерін жұмсайды. Түркі қағандары мен бектерінің тасқа қашап, Мәңгі өшпесін деп жазған жырларының негізгі идеясы түркі мемлекетін Мәңгілік ел ету, оларды біріктіріп, татулыққа шақыру, тәуелсіз елдікті сақтау болды. Сол үшін олар осы жазбаларды өсиет ретінде қалдырды.

Одан кейінгі қазақ фольклорының әртүрлі жанрдағы жазылған нұсқалары орта ғасырлардағы Махмуд Қашқаридың «Диуан лұғат ат-түрік» (1074), Жүсіп Баласұғынның «Құдатғу білік» (1069), «Кодекс куманикус» (1303) бүгінгі күнгі ауыз әдебиетінде кездесетін сюжеттік ертегілер мен өлеңдер, мақал-мәтелдер көп кездеседі. Түркі тілдес халықтардың поэзиясының дамуында да аңыздар мен әңгімелердің топтасып беріліп, көне жазба ескерткіштерінде болғанын айтуға болады. Мысалы, «VII-XIV ғасырлар арасында туған түркі тілдес халықтарға ортақ ескерткіштер ішінде, әсіресе, оғыз-қыпшақ тілінде жазылған туындылар қазақ халқының поэзиялық дәстүрлерімен, көркемдік өлшемдерімен, түсініктерімен, дүниетанымымен егіздің сыңарындай туыстас. Бұлардың түпкі төркінінде өмір мен өмір құбылыстарын, адам мен қоғамды тану мен бейнелеудің, көру мен суреттеудің бірлігі, бір арнасы, өлшемі жатқаны айқын аңғарылады. Айталық, «Оғыз-наме», «Мұхаббат-наме» сияқты әйгілі ескерткіштерде батыр мен батырлықтың, сұлу қыз бен махаббат сезімдерінің суреттелуі қазақтың ертегі, аңыздары мен эпикалық жырларындағы көркемдік тәсілдерге мейлінше жақын, кейде тіпті жеке шығармалар мен кейіпкерлердің арасынан нақты бірлік, ұқсастық белгілерін табуға болады. Сондықтан, түркі тілдес халықтарға ортақ жазба ескерткіштерді мәдениеттің жалпы көне үлгілері ретінде тереңдей тану, зерттеумен қатар, олардың тіліміз бен тарихымызға, әдебиетімізге қатысын айқын аша түсудің үлкен ғылыми маңызы бар» [4; 81, 82]. Сол кездегі туған фольклорлық шығармалардың өлеңдер, ертегілік сюжеттер, мақал-мәтелдер мазмұнының мәнділігі, оның құндылығы қанша уақыт өтсе де, өзінің өзектілігін жоғалтпай, әлі күнге дейін ұрпақ тәрбиесінде ерекше рөлге ие болып келетіндігін мына пікірден байқауға болады: «Фольклорлық шығармада уақыт ылғи да өткен дәуір болып көрінеді. Бірақ осы өткен дәуір айтушы мен тыңдаушыға өз заманымен тығыз байланысты болып сезіледі, баяндалып отырған оқиғалар осы әңгімеленіп отырған кезде болып жатқандай қабылданады. Бұл қасиетті, әсіресе батырлар жыры мен тарихи жырдан және аңыздан, шежіреден байқауға болады. Демек, фольклорлық шығармадағы қазіргі шақ пен бұрынғы шақтың жігі айтушы мен тыңдаушылар үшін баяндалған оқиғаның өте ерте заманда болғанында емес, сол оқиғаның қаншалықты маңызды екенінде» [1; 31–32]. Мұнан шығатын қорытынды фольклорлық шығармалардың айтушы мен

тыңдаушы өмір сүріп отырған кезең уақытпен өлшенбейді. Олардың өзара байланысы айтушы мен тыңдаушы арасындағы санасы мен ойын сәйкестендіріп, айтылған ойдың маңыздылығын, қажеттілігін, сол дәуірге сәйкестігін көрсетеді. Қазақтың тәлімдік ойлар тарихына жүгінсек Елбасы Н.Ә. Назарбаев Қазақстан халқына Жолдауларында мәдени тарихи мұраларды сақтау, жинау, қорландыру жылдары деп жариялап отырған. Оның өзектілігі зиялы қауымға мемлекеттік тілде әлемдік ғылыми ойдың, мәдениет пен әдебиеттің үздік жетістіктері негізінде гуманитарлық білім берудің толымды қорын жасақтауды міндеттеген еді [5; 3]. Қазақ фольклортану ғылымы қазақ фольклорлық шығармалардың жинақталуы, жариялануы тарихы мен оның тұрақталу жолдарын зерттейтін ғылым екендігін басшылыққа ала отырып, айтылған ойдың түйінін тарихи шындық пен нақты деректерге сүйеніп туған әңгімелердің уақыт өте келе халық арасына таралып айтылып, ол әңгімелердің қоғам дамуы мен заман талабына сай, адамның сұранысы мен қажеттіліктеріне сай өзгеріп, жаңарып, өткен заман мен бүгінгі заманның арасын байланыстыратын алтын көпір болады деп көрсетуге болады. Сонымен бірге, осы ойымыздың жалғасын қазақ балалар фольклорының дамуы мен қалыптасуы жайындағы көрегендікпен айтылған мына пікірді айтпай кетуге болмайды: «Тарихтың бізге бұйыртқан сыбағасына жеңіл-желпі қарауға болмас. Уақыт дегеніңіз жүрдек, маңдай тірген мың сан сұраққа әрі дәл, әрі жылдам жауап беру қажет. Сол сұрақтардың ішіндегі ең маңыздысы ұлттық пәтуа — бірлік болса керек. Әрине, экономиканы жаңаша жүргізу де, сыртқы саясат та, қорғаныс мәселесі де мәнді. Алайда, осы жерде біздің жүрегімізді басқа бір гәп тербейді, атап айтсақ, ұлттық сана, яғни ұлттың жүрегі не күйде деген мәселе.

«Қазақстанның мемлекеттігін нығайту жолында өзінің мемлекетіне деген терең патриоттық сезім де, жалпылық сананы жетілдірудегі қазақ тілінің тірек боларлық рөлі де, бас көтерер азаматтардың айқын мақсатты әрекеттері де, тарихи сананы қалпына келтіру де... бәрі-бәрі барша қазақ ұлтының басын біріктіретін бастаулар болып табылады» [6; 52–53]. Дәл, осы пікірдің мазмұнына үнілсек, қазақтың қазақылығы мен ұлттық сипатын сақтап қалар, өз тілімен қатар, ұлттық тәрбиесі екендігін тағы бір мәрте дәлелдейміз. Өйткені, ұлттық тәрбие берудің құралы ретінде ұсынылып отырған фольклорлық шығармалар қазақтың баласының бойында патриоттық рух пен бірлік, ынтымақты қалыптастыратынын көре аламыз. Оған дәлел, қазақтан шыққан тұңғыш фольклористердің бірі ағартушы, алғашқы ұстаз Ыбырай Алтынсариннің ауыз әдебиеті шығармаларын жинап, жүйелеу, топтастыру арқылы қазақ баласының тұла бойына адамгершілік, тәрбиелік маңызы өте жоғары тұратын рухани құндылықтарды құюда фольклорлық шығармаларды ұсынғандығын баса айтамыз. Өткен мен бүгіннің арасындағы рухани байланыстың ажырамауына бар ынтасы мен жігерін сала отырып, өткен уақыттағы молдалар оқытып жүрген араб, парсы тілдерінің барлығы қазақ баласының бойында кертартпалық пен теріс мінезді қалыптастырады деп, өзінің өлеңдерінде шыншылдық, әділдікті бетке ұстайды. Мысалы, «Ыбырай өлеңдерінің ішінде оқушысын әділдікке, адамгершілікке баулуды мақсат ететін, ұрлық-барымта сияқты феодалдық-патриархалдық әдет-салттардың жексұрындық сырын әшкерелейтін «Араз бол, кедей болсаң ұрлықпен» деген тәрізді шығарма да бар. Ыбырайдың кейбір өлеңінен өз дәуірінің шындығын, әлеуметтік теңсіздігін мүлде айқын көруге болады» [4; 113]. Осыдан біз, қазақ фольклорының дамуына жаңадан ағартушылық сипат пен түр беріп, жанрлық табиғатын жыр, ертегі, аңыз түрінде беріп отырғандығына толықтай көз жеткізіп, ол халықтың дәстүрлі тұрмыс-тіршілігі мен бала тәрбиесінде туған, қалыптасқан, әлі күнге дейін зерттеліп келе жатқан ауқымы кең көлемді шығарма екенін білеміз.

Қазақта этномәдени тұтастық ретінде танып-түсіну үшін халықтың ауызекі сөзінің құдіреті айрықша мәнді. Фольклор — қазақ өмірінің айнасы, қазақтың өткені мен болашағын байланыстыратын алтын көпір деуімізге әбден болады. Өйткені, ата-бабамыздың өмір сүрген ортасынан бізге сыр шертер, түсіндіріп, айқындайтын тарих, шежіре, көненің көзі болып табылады. Фольклорды игеру нәтижесінде әрбір қазақ баласы өзінің «Менін» нақтылайды, өзінің түп-тамыры мен өмір сүрген ортасын таниды. Фольклор өзінің табиғи болмысын өзгертпейтін рухани құндылық, халық шығармаларының қайнары екендігін дәлелдеп келеді. Фольклор туындыларындағы жырлар, аңыздар мен әңгімелер, ертегілердің мазмұны адамдардың бір-бірімен рухани қарым-қатынасын нығайтып, халықтың асыл мұрасы мен рухани құндылықтарын игерту, ұлттық мәдениеттің түрлі саласын меңгертудегі тәрбие құралы деуімізге болады.

#### Әдебиеттер тізімі

- 1 Қасқабасов С. Жаназық: Әр жылғы зерттеулер / С. Қасқабасов. — Астана: Аударма, 2002. — 584 б.

- 2 Нұрахметұлы И. Қазақ әдебиетінің төркіні мен тарихын дәуірлеу: X ғасырдан XVIII ғасырға дейін: филол. ғыл. канд. ... автореф. / И. Нұрахметұлы. — Алматы, 2005. — 20 б.
- 3 Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстан жаһандық ахуалда: өсім, реформалар, даму» атты 2015 жылғы 30 қарашадағы Қазақстан халқына Жолдауы.
- 4 Дербісәлин Ә. Байтақ пен бәйтерек: Ғылыми еңбектері мен ол туралы әдеби-көркем және ғылыми, деректі материалдар жинағы / Ә. Дербісәлин. — Алматы: Арда, 2009. — 392 б.
- 5 Қасқабасов С. Елзерде: Әр жылғы зерттеулер / С. Қасқабасов. — Алматы: Жібек жолы, 2008. — 504 б.
- 6 Қоңыратбаев Ә. Қазақ фольклорының тарихы: оқу құралы / Ә. Қоңыратбаев. — Алматы: Ана тілі, 1991. — 288 б.

А.Ш. Пангереев, М.Р. Балтымова

### Детский фольклор как особый вид традиционной культуры

Статья посвящена рассмотрению этапов и специфики формирования казахского фольклора, его влияния на развитие традиционной культуры, песенного искусства. Показана роль фольклора в сохранении духовного богатства и ценностей нации. Сделан обзор научных исследований по устному народному творчеству, проанализированы работы по сбору фольклорных мотивов, их распространения среди народа и мифические сюжеты в древнетюркских памятниках. На основе проведенного исследования выявлены способы формирования духовных ценностей казахского народа посредством национальной литературы и культуры, важность фольклорного наследия как средство сохранения традиционной культуры. Показана особая роль детского фольклора в воспитании молодого поколения и формировании духовных ценностей. Выявлено, что фольклорный жанр формирует традиционную культуру и тесно развивается вместе с народом на протяжении многих столетий.

*Ключевые слова:* фольклор, детский фольклор, традиционная культура, духовное наследие, фольклорные произведения, национальная культура, ценности, духовное наследие, фольклорный жанр.

A.Sh. Pangereev, M.R. Baltymova

### Children's folklore as a special kind of traditional culture

The article deals with the formation of folklore, its influence on the development of traditional culture, song art of the Kazakh people and their features, the role of the Kazakh people in preserving spiritual wealth and values. A review of scientific research on oral literature, analyzed the collection of folk motifs, their distribution among the people, and mythical stories in ancient Turkic monuments. Based on the research, the ways of forming the spiritual values of the Kazakh people through national literature and culture, the importance of folk heritage as a means of preserving traditional culture are identified. The special role of children's folklore in the education of the younger generation and the formation of spiritual values is shown. It is revealed that the folklore genre forms the traditional culture and closely develops together with the people for many centuries.

*Keywords:* Folklore, children's folklore, traditional culture, spiritual heritage, folklore works, national culture, values, spiritual heritage, folklore genre.

### References

- 1 Qasqabasov, S. (2002). *Zhanazyk: ar zhylyhy zertteuler [Zhanazyk: various studies]*. Astana: Audarma [in Kazakh].
- 2 Nurakhmetuly, I. (2005). *Qazaq adabietinin torkini men tarykhyn dauirleu: X gasyrdan XVIII gasyrga deiin [Periodization of history and modernity of Kazakh literature: from the X century to the XVIII century]. Extended abstract of Doctor's thesis.* Almaty [in Kazakh].
- 3 Qazaqstan Respublikasynyn Tungysh Prezidenti N.A. Nazarbaevtyн «Qazaqstan zhahandyk akhualda: osim, reformalar, damu» atty 2015 zhylyhy 30 qarashadagy Qazaqstan khalqyna Zholdauy [The First President of the Republic of Kazakhstan Nazarbayev's Address to the People of Kazakhstan on November 30, 2015 «Kazakhstan in the Global Situation: Growth, Reforms, Development»] [in Kazakh].
- 4 Derbisalin, A. (2009). *Baitaq pen baiterek: gylimi enbeker men ol turaly adebi-korkem zhane gylimi, derekty materialdar zhyngy [The steppe and wood: a collection of scientific works and literary, artistic and scientific, documentary materials about them]*. Almaty: Arda [in Kazakh].
- 5 Qasqabasov, S. (2008). *Elzerde: ar zhylyhy zertteuler [Elzerde: studies of various years]*. Almaty: Zhibek zholy [in Kazakh].
- 6 Qonyratbaev, A. (1991). *Qazaq folklorynyn tarykhy [History of Kazakh folklore]*. Almaty: Ana tili [in Kazakh].